

**Әдістемелік отырыстарының жоспары
2025-2026 оқу жылы**

№	Әдістемелік отырыстарының күн тәртібі	Жауаптылар	Мерзімі
1.	<p>1. Жұмыс барысында басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық құжаттарды қайталау:</p> <p>1.1. «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі»</p> <p>1.2. «Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы» (27.07.2007 ж., №319)</p> <p>1.3. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (17.05.2013 ж., №499 бұйрығы) (31.08.2022 ж., №385 бұйрығымен өзгертулер)</p> <p>1.4. «Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы Заң» (27.12.2019 ж., № 293-VI)</p> <p>1.5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартымен таныстыру (Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары 19.06.2020 ж., №254 бұйрығы) (өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 31.05.2024 № <u>133</u> бұйрығы)</p> <p>1.6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (15.03.2021 ж., №137 бұйрығы)</p> <p>1.7. «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (09.07.2021 ж., ДСМ №59 бұйрығы)</p>	<p>Меңгеруші, әдіскер, медбике</p>	<p>02.09.2025</p>

2	<p>1. Жұмыс барысында басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық құжаттарды қайталау:</p> <p>1.1. «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» (03.08.2022 ж., №348 бұйрығымен енгізілген өзгертулермен) (23.01.2025 ж. №12 бұйрық)</p> <p>1.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (20.12.2012 ж., №557 бұйрығы) (16.01.2025 ж., №394 бұйрығымен енгізілген өзгертулермен)</p> <p>1.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (12.08.2016 ж. №499 бұйрығы) (14.10.2022 ж., №422 бұйрығымен енгізілген өзгертулермен)</p> <p>2. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат</p> <p>3. Топтардың құжаттарын талдау</p> <p>4. Жылдық жоспарды талдау. «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы.</p> <p>5. Қыркүйек айына арналған айлық жоспармен таныстыру</p> <p>6. Әртүрлі мәселелер</p>	Меңгеруші, әдіскер	03.09.2025
3.	<p>1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</p> <p>2. Әр жас топтары бойынша перспективалық жоспар мен циклограмманы құруды талдау</p> <p>3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары»</p> <p>4. Әртүрлі мәселелер</p>	Меңгеруші, әдіскер	05.09.2025
4.	<p>1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</p> <p>2. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат</p> <p>3. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс</p> <p>4. Әртүрлі мәселелер</p>	Меңгеруші, әдіскер	09.09.2025
5.	<p>1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы</p> <p>2. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсыныстар</p> <p>3. Тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық</p> <p>4. Серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар</p>	Меңгеруші, әдіскер	10.09.2025

	5. Әртүрлі мәселелер		
6.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары және негізгі нормалары 3. Баяндама: «Педагогикалық әдеп дегеніміз не?» 4. Балабақша мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сынып тәрбиешісінің кәсіби этикасы бойынша әдістемелік ұсынымдар 5. Бақылау қорытындысы (қыркүйек айы бойынша) 6. Қазан айына арналған айлық жоспармен таныстыру 7. Әртүрлі мәселелер 	<p>Меңгеруші әдіскер,</p> <p>Әдіскер</p>	01.10.2025
7.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдайлар жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық» 3. «Мектепке дейінгі жастағы балаларды тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздеріне баулу» (кеңес) 4. Әртүрлі мәселелер 	Меңгеруші, әдіскер	08.10.2025
8.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мерекелер мен сауық-кештерді өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар». 3. «Республика күні» мерекесіне арналған шаралардың сценарийлерін талдау 4. Топтардың құжаттарын қарастыру 5. Педагогтердің жинақ папкаларын тексеру. «Үстаз» платформасына жүктеу туралы 6. Әртүрлі мәселелер 	Меңгеруші, әдіскер	15.10.2025
9.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. «Ата-анамен тиімді қарым-қатынас орнатудың жолдары» 3. Бақылау қорытындысы (қазан айы бойынша) 4. Қараша айына арналған айлық жоспармен таныстыру 5. Әртүрлі мәселелер 	Меңгеруші, әдіскер	29.10.2025
10	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. «Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» 3. Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулықтар 	Меңгеруші, әдіскер	12.11.2025

	<ol style="list-style-type: none"> 4. «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру 5. «Отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланыс» (кеңес) 6. «Беске дейін үлгер» халықаралық бағдарламасы негізінде мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған бейімделген бағдарлама 7. Әртүрлі мәселелер 	Әдіскер	
11.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларға экологиялық тәрбие беру» әдістемелік ұсынымдар 3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» әдістемелік нұсқаулық 4. «Жасыл балабақша» жобасы экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру 5. «Табиғатты аялайық» бағдарламасы 6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі экологиялық мәдениетті қалыптастыру» (кеңес) 7. Әртүрлі мәселелер 	Менгеруші, әдіскер	26.11.2025
12.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақстан республикасының тәуелсіздігі күніне арналған «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу бойынша ұсынымдар 3. Серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар 4. Бақылау қорытындысы (қараша айы бойынша) 5. Желтоқсан айына арналған айлық жоспармен таныстыру 6. Әртүрлі мәселелер 	Менгеруші, әдіскер	03.12.2025
13.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. Қолданыстағы НҚА-ді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастыру және бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдар 3. «Балабақшада Жаңа жыл мерекесін өткізуге арналған нұсқаулық» 4. Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгіліктерді талдау 5. Әртүрлі мәселелер 	Менгеруші, әдіскер	17.12.2025
14.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар 3. «Балабақшада гипербелсенді балалармен жұмыс жасау ерекшеліктері. Ызақор балалар мен олардың ата-аналарына көмек» 	Менгеруші, әдіскер Психолог	06.01.2026

	<ol style="list-style-type: none"> 4. Бақылау қорытындысы (желтоқсан айы бойынша) 5. Педагогтердің өз білімін жетілдіру бойынша жұмыстарын талдау 6. Қаңтар айына арналған айлық жоспармен таныстыру 7. Әртүрлі мәселелер 	Әдіскер	
15.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ тіліне бойлату бойынша әдістемелік ұсынымдар 3. Баланың тілін дамытуда кешенді тәсілдерді қолдану жолдары (әдіскерлер мен педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар) 4. «Балабақшада қазақ тілін үйрету бойынша білім беру кеңістігін тиімді ұйымдастыру» (кеңес) 5. Педагогтердің жинақ папкаларын тексеру. «Үстаз» платформасына жүктеу туралы 6. Әртүрлі мәселелер 	<p>Меңгеруші, әдіскер</p> <p>Әдіскер</p>	14.01.2026
16.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымның орта білім беру ұйымымен өзара іс-қимылы бойынша ұсынымдар 3. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудегі педагогтердің өзара әрекеттестігі (кеңес) 4. «Мектепке дейінгі ұйымның педагог-психологының жұмыс тәртібін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар 5. «Мектепке дейінгі жастағы балалардың психологиялық дамуын анықтау жолдары» 6. Әртүрлі мәселелер 	Меңгеруші, әдіскер	21.01.2026
17.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. «Инновациялық әдістерді қолдана отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепалды сыныптарда қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымдар» 3. «Тіл кемістігі бар баланың тілін түзетудегі ұсақ қол моторикасының маңызы» (кеңес) 4. Бақылау қорытындысы (қаңтар айы бойынша) 5. Ақпан айына арналған айлық жоспармен таныстыру 6. Әртүрлі мәселелер 	<p>Меңгеруші, әдіскер</p> <p>Әдіскер</p>	04.02.2026
18.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. «Жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу 	Меңгеруші, әдіскер	25.02.2026

	<p>бойынша әдістемелік ұсынымдар»</p> <ol style="list-style-type: none"> 3. «Мектепке дейінгі жастағы балаларды адамгершілік құндылықтар арқылы мейірімділікке тәрбиелеу» (кеңес) 4. «Ұлттық саз аспаптары – халқымыздың асыл мұрасы» (кеңес) 5. Мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында 1 наурыз - «Алғыс айту күнін» атап өту бойынша ұсынымдар 6. Мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында 8 наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесін атап өту бойынша ұсынымдар 7. Әртүрлі мәселелер 	Әдіскер	
19.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар 3. «Балаларға жолда жүру ережелерін түсіндіру» 4. «Балалар жарақатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» 5. Серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар 6. Бақылау қорытындысы (ақпан айы бойынша) 7. Наурыз айына арналған айлық жоспармен таныстыру 8. Әртүрлі мәселелер 	<p>Меңгеруші, әдіскер</p> <p>Әдіскер</p>	04.03.2026
20.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мектеп жасына дейінгі балаларды этномәдени төзімділікке, ересектер мен балаларға мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеуде оқытудың интерактивті әдістерін қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар 2. «Балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру бағытындағы инновациялық жұмыстар» 3. Мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында Наурыз мейрамын атап өту бойынша ұсынымдар 4. Әртүрлі мәселелер 	<p>Меңгеруші, әдіскер</p> <p>Әдіскер</p>	25.03.2026
21.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы 2. Педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды орындауы бойынша әдістемелік ұсынымдар 3. «Инклюзивті білім беруді жалпы білім беру үрдісіне енгізу мәселелері» 4. Жеке мәселе бойынша жұмыстардың жүргізілуі 5. Бақылау қорытындысы (наурыз айы бойынша) 6. Сәуір айына арналған айлық жоспармен таныстыру 7. Әртүрлі мәселелер 	<p>Меңгеруші, әдіскер</p> <p>Әдіскер</p>	01.04.2026

**ЖШС «Кенесары 07» «Балбобек» жеке балабақшасы
2025-2026 оқу жылының I-әдістемелік отырысы
Хаттама №1**

Өткізілген күні: 02.09.2025 ж.

Қатысты: 7

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Жұмыс барысында басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық құжаттарды қайталау:
 - 1.1 «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» (23.11.2015 ж., № 414-V)
 - 1.2 «Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы» (27.07.2007 ж., №319 бұйрығы)
 - 1.3 Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (17.05.2013 ж., №499 бұйрығы) (31.08.2022 ж., №385 бұйрығымен өзгертулер)
 - 1.4 «Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы Заң» (27.12.2019 ж., №293-VI)
 - 1.5 Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартымен таныстыру (Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары 19.06.2020 ж., №254 бұйрығы) (өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 31.05.2024 № 133 бұйрығы). "Көрсетілетін білім беру қызметін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №372 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 6 мамырдағы №105 бұйрығы
 - 1.6 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (15.03.2021 ж., №137 бұйрығы)
 - 1.7 «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (09.07.2021 ж., ДСМ №59 бұйрығы)
 - 1.8 2. Әртүрлі мәселелер

ЖШС «Кенесары 07» «Балбобек» жеке балабақшасының меңгерушісі Бисенова А.К. 2025-2026 оқу жылының I-әдістемелік отырысын ашып, күн тәртібімен таныстырды.

Педагогтермен бірге жұмыс барысында басшылыққа алынатын негізгі нормативтік-құқықтық құжаттарды талдады:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін қарастырып, еңбек саласында қойылатын талаптарды талқылады, еңбек қатынастары, еңбек тәртібі туралы әңгімеледі. Педагогтердің сұрақтарына жауап берді.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын қарастырып, енгізілген өзгерістерді талқылады, педагогтердің сұрақтарына жауап берді.

3. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын талқылады, мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттеріне, мектепке дейінгі ұйым қызметінің тәртібіне тоқталды. Педагогтердің сұрақтарына жауап берді.
4. Педагогтер арасында «Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы Заң» талқыланып, педагогтер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.
5. Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына қайта тоқталып, қызметкерлермен бірге талқылады. Мемлекеттік қызметтер сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспары туралы айтылды. Біздің мекемеде көрсетілетін мемлекеттік қызметтің екі түріне тоқталды (құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау: «Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарға ваучерлік қаржыландыру енгізілді. 2005 жылдың шілде айынан бастап ваучер бойынша бала қабылдап жатырмыз.
6. Әдіскер педагогтермен 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін талқылап, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне, әдіскерлеріне, ата-аналар қауымдастығымен жұмысқа қойылатын талаптарды қарастырды.
7. Менгеруші және медбике Есенғалиева А.А педагогикалық ұжыммен Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды талқылап, сұрақтарға жауап берді.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер талқыланды.

Шешім:

1. Жұмыс барысында барлық нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынсын.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісіне қойылатын барлық талаптар толық орындалсын
3. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін

Отырыс төрағасы:

Хатшы:



**ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы
2025-2026 оқу жылының II-әдістемелік отырысы
Хаттама №2**

Өткізілген күні: 03.09.2025 ж.

Қатысты: 7

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Жұмыс барысында басшылыққа алынатын нормативтік-құқықтық құжаттарды қайталау:
 - 1.1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» (03.08.2022 ж., №348 бұйрығымен енгізілген өзгертулермен)
 - 1.2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (20.12.2012 ж., №557 бұйрығы) (09.09.2022 ж., №394 бұйрығымен енгізілген өзгертулермен)
 - 1.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (12.08.2016 ж. №499 бұйрығы) (14.10.2022 ж., №422 бұйрығымен енгізілген өзгертулермен)
2. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат
3. Топтардың құжаттарын талдау
4. Жылдық жоспарды талдау.
«Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы
5. Қыркүйек айына арналған айлық жоспармен таныстыру
6. Әртүрлі мәселелер

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасының меңгерушісі Бисенова А.К 2025-2026 оқу жылының II-әдістемелік отырысын ашып, күн тәртібімен таныстырды. Алдыңғы отырыста қабылданған шешімдер бойынша қорытындылады.

Жұмыс барысында басшылыққа алынатын құжаттарды педагогтермен бірге талқылады:

- 1.1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығымен енгізілген өзгерістерге тоқталды.

- 1.2. Педагогтер арасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 16.01.2025 жылғы №7 бұйрығымен енгізілген өзгерістер талқыланып, қарастырылды. Әр жас кезеңі бойынша ұйымдастырылатын іс әрекеттерінің кестелері талқыланды. Атап айтсақ, «дене шынықтыру» ҮІӨ - «дене тәрбиесі» ҮІӨ, «қоршаған ортамен таныстыру» ҮІӨ- «қоршаған әлеммен таныстыру» ҮІӨ болып өзгертілді. Сонымен қатар, «қазақ тілі***» (күн сайын) ортаңғы және ересек топтарда алынып тасталды.
- 1.3. Педагогтер арасында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» талқыланды. Бағдарламаның барлық бөлімдері бойынша әр жас кезеңіндегі балалардың меңгерілуі тиіс біліктері мен дағдылары қарастырылды.
2. Әдіскер педагогтермен бірге «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты қарастырып, толық талқылады. Осы оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылды.
3. Топтардың барлық құжаттарын толықтыруда туындаған педагогтердің сұрақтары талқыланып, нұсқаулар берілді.
4. Әдіскер Бектұрсынова Н.А педагогтермен бірге 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарын талдап, барлық бөлімдері толық талқыланды. Жыл бойы өткізілетін іс-шаралар қарастырылды.

«Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына тоқталып, слайд арқылы толық талқылады. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша құрылған жоспармен таныстырып, оқу жылы барысында ұйымдастырылатын іс-шараларға тоқталды.

Әдіскер педагогтерді қыркүйек айына арналған айлық жоспармен таныстырып, тапсырмалар берді.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер қаралып, талқыланды.

Шешім:

1. Жұмыс барысында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» басшылыққа алынсын
2. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат жұмыс барысында басшылыққа алынсын
3. Топтардың құжаттары толық жасалып, талаптарға сай толтырылсын
4. Жылдық жоспардың барлық бөлімдері, «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша құрылған жоспар уақытылы орындалсын
5. Қыркүйек айына арналған айлық жоспар толық орындалсын
6. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін

Отырыс төрағасы:
Хатшы:



Бисенова А.К

Бектұрсынова Н.А

**ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы
2025-2026 оқу жылының ІІІ-әдістемелік отырысы
Хаттама №3**

Өткізілген күні: 05.09.2025 ж.

Қатысты: 7

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. Әр жас топтары бойынша перспективалық жоспар мен циклограмманы құруды талдау
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары»
4. Әртүрлі мәселелер

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасының меңгерушісі Бисенова А.К алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы бойынша қорытындылады.

Әдіскер педагогтермен бірге «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде әр жас кезең топтарының перспективалық жоспарларын талқылап, құру бойынша нұсқаулар берді. Сонымен қатар, циклограмма құру бойынша да нұсқаулар берілді. Циклограммаға «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша құрылған жоспарды орындау барысында ұйымдастырылатын іс-шараларды енгізу бойынша нұсқаулар берді.

Әдіскер қыркүйек айында жүргізілетін бастапқы мониторингке тлоқталды. Бастапқы мониторинг жүргізу бойынша нұсқаулар берді, педагогтермен бірге Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарын талқылады. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатында берілген әр жас кезеңі бойынша мониторинг критерийлермен мониторинг жүргізуді ескертті.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер қаралып, талқыланды.

Шешім:

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. Әр жас топтары бойынша перспективалық жоспар мен циклограммалар талапқа сай құрылып жүргізілсін
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» басшылыққа алынып, мониторинг талапқа сай жүргізілсін
4. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін

Отырыс төрағасы:
Хатшы:



Бисенова А.К
Бектұрсынова Н.А

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы
2025-2026 оқу жылының IV-әдістемелік отырысы
Хаттама №4

Өткізілген күні: 09.10.2025 ж.

Қатысты: 7

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымның орта білім беру ұйымымен өзара іс-қимылы бойынша ұсынымдар
3. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жоспары
4. Әртүрлі мәселелер

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасының меңгерушісі Бисенова А.К алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтып, қорытындылады және бүгінгі әдістемелік отырыстың күн тәртібімен таныстырды.

Әдіскер 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатта жазылған Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету бойынша жұмысқа тоқталды: «Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы – баланың мектепте оқуға сәтті бейімделуінің негізгі факторларының бірі. Бұл процесс мектепке дейінгі ұйымда баланың жетекші ойын әрекетінен бастауыш мектепте негізгі болып табылатын оқу әрекетіне біртіндеп өтуді қамтиды. Ол білім беру бағдарламаларын үндестіруді, педагогтердің ынтымақтастығын, балалар мен олардың отбасын психологиялық педагогикалық қолдауды, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балаларды мектеппен таныстыруды және жаңа білім беру ортасына біртіндеп енуіне ықпал ететін іс-шараларды ұйымдастыруды қамтиды...»

Ары қарай әдіскер Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымның орта білім беру ұйымымен өзара іс-қимылы бойынша ұсынымдармен таныстырды. Ұсынымдарды педагогтермен бірлесе отырып талдады.

Осы бекітілген жоспар бойынша уақытылы жұмыс жасауды ескертті.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелерге тоқталып, талқылады.

Шешім:

1. Алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. Жұмыс барысында «Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымның орта білім беру ұйымымен өзара іс-қимылы бойынша ұсынымдар» басшылыққа алынып, мектеппен сабақтастық бойынша жұмыс жүргізілсін
3. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жоспары уақытылы орындалсын
4. Педагогтердің өз білімдерін жетілдіру бойынша жұмыстар әрдайым жүргізілсін
5. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін

Отырыс төрағасы:

Хатшы:



Бисенова А.К.

Бектұрсынова Н.А.

**ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы
2025-2026 оқу жылының V-әдістемелік отырысы
Хаттама №5**

Өткізілген күні: 10.11.2025 ж.

Қатысты: 7

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар
3. Тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық
4. Серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар
5. Әртүрлі мәселелер

ЖШС «Балбөбек» жеке балабақшасының меңгерушісі Бисенова А.К алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтып, қорытындылады және бүгінгі әдістемелік отырыстың күн тәртібімен таныстырды.

Әдіскер педагогтермен бірлесе отырып, Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсыныстарға талдау жүргізді. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру кезінде, оның ішінде ойын әрекеті, еңбек әрекеті, шығармашылық әрекеті, серуенді ұйымдастыру кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықтар берді. Тақырып бойынша педагогтердің пікірлері тыңдалды.

Сонымен қатар, тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықтар берілді. Атап айтсақ, балалардың киініп-шешінетін бөлмедегі, дәретханадағы, тамақтану кезіндегі, ойын әрекеті, бейнелеу әрекеті кезіндегі, еңбек етуде, спорт, музыка залында, баспалдақпен түсу немесе көтерілу кезінде, серуенге дайындық кезінде, серуен кезінде, жатын бөлмеде қауіпсіздігі бойынша нақты нұсқаулар берілді.

Әдіскер Серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтарға қайта тоқталып, серуеннің барлық бөлімдері бойынша нұсқаулар берді (құммен, сумен ойнау, эксперимент жасау, жануарларды, жәндіктерді бақылау, өсімдіктерге күтім жасау, басқа да тұрмыста қауіпсіз мінез-құлық ержелерін сақтау).

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелерге тоқталып, талқылады.

Шешім:

1. Алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар» жұмыс барысында басшылыққа алынып, қойылатын талаптар толық орындалсын
3. «Тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық» жұмыс барысында басшылыққа алынып, қойылатын талаптар толық орындалсын
4. «Серуен кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар» жұмыс барысында басшылыққа алынып, қойылатын талаптар толық орындалсын
5. Педагогтердің өз білімдерін жетілдіру бойынша жұмыстар әрдайым жүргізілсін
6. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін

Отырыс төрағасы:

Хатшы:



Бисенова А.К

Бектұрсынова Н.А

**ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы
2025-2026 оқу жылының VI-әдістемелік отырысы
Хаттама №6**

Өткізілген күні: 01.12.2025 ж.

Қатысты: 7

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары және негізгі нормалары
3. Баяндама: «Педагогикалық әдеп дегеніміз не?»
4. Балабақша мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сынып тәрбиешісінің кәсіби этикасы бойынша әдістемелік ұсынымдар
5. Бақылау қорытындысы (қыркүйек айы бойынша)
6. Қазан айына арналған айлық жоспармен таныстыру
7. Әртүрлі мәселелер

ЖШС«Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасының меңгерушісі Бисенова А.К алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтып, қорытындылады және бүгінгі әдістемелік отырыстың күн тәртібімен таныстырды.

Меңгеруші Бисенова А.К педагогтермен Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары және негізгі нормалары талқылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жұмысы туралы айтып, тәрбиеші Кадемова Г.Г «Педагогикалық әдеп дегеніміз не?» тақырыбында баяндама оқыды. Тақырып бойынша педагогтердің пікірлері талқыланды.

Әдіскер Балабақша мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сынып тәрбиешісінің кәсіби этикасы бойынша әдістемелік ұсынымдарды педагогтермен бірге талқылады. «Кәсіби этика» ұғымын талдай отырып, этика санаттары туралы түсіндірді, кәсіби этика индикаторларымен таныстырды, кәсіби этиканың негізгі қағидаларын мен негізгі нормаларына сипаттама берді. Педагогтердің сұрақтарына жауап берілді.

Әдіскер қыркүйек айында жүргізілген бақылаулар қорытындысымен таныстырып, жасалған ескертулер мен нұсқауларға тоқталды.

Әдіскер педагогтерді қазан айына арналған айлық жоспармен таныстырып, тапсырмалар берді.

Педагогтермен бірге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24.07.202 жылғы №592 қаулысымен бекітілген Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын талдады.

Әдіскер 2025-2026 оқу жылында жасанды интеллектті тәрбиелеу-білім беру үдерісіне енгізу бойынша құрылған жұмыс жоспарымен таныстырды, педагогтерді

жасанды интеллект туралы жан-жақты мағлұмат алу бойынша жұмыстануға, жасанды интеллект бойынша курстарға қатысуға шақырды.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер қаралып, талқыланды.

Шешім:

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. Жұмыс барысында педагогтер тарапынан педагогикалық әдеп нормалары сақталсын
3. Кәсіби этика қағидалары мен нормалары толық сақталсын.
4. Педагогтердің өз білімдерін жетілдіру бойынша жұмыстар әрдайым жүргізілсін
5. Қыркүйек айында жүргізілген бақылаулар негізінде жасалған ескертулер түзетілсін
6. Қазан айына арналған айлық жоспар толық орындалсын
7. Жасанды интеллектті тәрбиелеу-білім беру үдерісіне енгізу бойынша жұмыстар жүргізілсін
8. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін

Отырыс төрағасы:

Хатшы:



Бисенова А.К

Бектұрсынова Н.А

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы
2025-2026 оқу жылының VII -әдістемелік отырысы
Хаттама №7

Өткізілген күні: 08.01.2026 ж.

Қатысты: 7

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдайлар жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық»
3. «Мектепке дейінгі жастағы балаларды тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздеріне баулу» (кеңес)
4. Әртүрлі мәселелер

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасының меңгерушісі Бисенова А.К алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтып, қорытындылады және бүгінгі әдістемелік отырыстың күн тәртібімен таныстырды.

Әдіскер Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдайлар жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықты талқылады, қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптарға және түрлі жағдайлардағы қауіпсіздікке қойылатын талаптарға тоқталды. Педагогтердің сұрақтарына жауап берілді. Әр топ бойынша ұйымдастырылатын дамытушы орта талқыланды.

Тәрбиеші Болатова А.Ш «Мектепке дейінгі жастағы балаларды тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздеріне баулу» тақырыбында кеңес оқыды. Тақырып бойынша педагогтердің пікірлері талқыланды.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер қаралып, талқыланды.

Шешім:

1. Алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдайлар жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық» толық меңгеріліп, жұмыс барысында үнемі қолданылсын.
3. Педагогтердің өз білімдерін жетілдіру бойынша жұмыстар әрдайым жүргізілсін
4. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін

Отырыс төрағасы:

Хатшы:


Бисенова А.К
Бектұрсынова Н.А

**ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы
2025-2026 оқу жылының VIII -әдістемелік отырысы
Хаттама №8**

Өткізілген күні: 16.02.2026 ж.

Қатысты: 8

Қатыспағаны: жок

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мерекелер мен сауық-кештерді өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар»
3. Топтардың құжаттарын қарастыру
- 4.Әртүрлі мәселелер

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасының меңгерушісі Бисенова А.К алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтып, қорытындылады және бүгінгі әдістемелік отырыстың күн тәртібімен таныстырды.

Әдіскер Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мерекелер мен сауық-кештерді өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды педагогтермен бірге талқылай отырып, мерекелер мен сауық-кештердің маңызы мен рөлін, түрлерін, оларды ұйымдастыруға және сценарий құруға ұсынымдарды қарастырды. Сонымен қатар, Мектепке дейінгі ұйым жағдайында іс-шараларды (ашық есік күні, мерекелер, ертенгіліктер және басқалар) өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды талдады.

Әдіскер топтардың құжаттарын тексеру барысында анықталған кемшіліктерді атап, педагогтерге ескертулер берді. Кемшіліктерді дұрыстау бойынша нұсқаулар жасады.

Әдіскер педагогтердің жинақ папкаларын қарап, толықтыру бойынша нұсқаулар бері. «Ұстаз» платформасымен таныстыруды жалғастырып, онда салынатын құжаттар туралы айтты. Аттестаттау комиссиясының мүшелеріне Бакылау парақтарын толтыру бойынша түсіндірді.

Әдіскер Педагогтердің өз білімін жетілдіру бойынша жұмыс жоспарын талдап, педагогтерге өз білімін жетілдіру бойынша жұмысты жүргізуге қажетті нұсқаулар берді.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер талқыланды.

Шешім:

1. Алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мерекелер мен сауық-кештерді өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» педагогтер тарапынан меңгеріліп, жұмыс барысында қолданылсын
3. Топтардың құжаттары толық толтырылсын
4. Педагогтердің жинақ папкалары толықтырылсын, «Үстаз» платформасына қажетті құжаттар жүктелсін
5. Педагогтердің өз білімдерін жетілдіру бойынша жұмыстар әрдайым жүргізілсін.
6. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін.

Отырыс төрағасы:

Хатшы:



Бисенова А.К

Бектұрсынова

**ЖШС «Кенесары 07» бөбекжай-балабақшасы»
2025-2026 оқу жылының ІХ-әдістемелік отырысы
Хаттама №9**

Өткізілген күні: 12.04.2026 ж.

Қатысты: 8

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»
3. Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулықта
4. «Отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланыс» (кеңес)
5. «Беске дейін үлгер» халықаралық бағдарламасы негізінде мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған бейімделген бағдарлама
6. Әртүрлі мәселелер

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасының меңгерушісі Бисенова А.К алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтып, қорытындылады.

Әдіскер Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды педагогтермен бірге талқылап, қажетті мағлұматтар берді.

Педагогтерді Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулықтармен таныстырып, бірге талдады.

Әдіскер 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатта ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру мақсатында мобильді консультациялық пункттерде «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру жұмысы жүргізіле бастағанын айтты: «Мобильді консультациялық пункттер жаз айларында мектепке дейінгі ұйымның аумағында арнайы жабдықталған жеке тұрған үй-жайларда өз қызметін ұйымдастырады. Бұл мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылған және қамтылмаған балаларды тәрбиелеу мен дамыту үшін қауіпсіз, жайлы жағдайлар жасалған үйшік, көлеңкелі шатырлар, киіз үй, құрастырмалы калкалар және т.б. болуы мүмкін.»

Тәрбиеші Кадемова Г.Г «Отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланыс» тақырыбында кеңес оқыды. Тақырып бойынша педагогтердің пікірлері талқыланды.

Әдіскер Балаларға күтім жасау және дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды хабардар ету мақсатында консультациялық пункттерге арналған мобильді қосымшаны қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдармен педагогтерді таныстыра отырып, «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасын қолдану бойынша нұсқаулыққа тоқталды. «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасын қолдану сатысы көрсетілді.

Жұмыс барысында туындаған әртүрлі мәселелер талқыланды.

Шешім:

1. Алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдер «орындалды» деп қорытындылансын
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» жұмыс барысында қолданылсын
3. Мектепке дейінгі тәрбиенен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулықтар жұмыс барысында қолданылсын
4. «Беске дейін үлгер» халықаралық бағдарламасы негізінде мектепке дейінгі тәрбиенен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына арналған бейімделген бағдарламасы жұмыс барысында қолданылсын
5. Педагогтердің өз білімдерін жетілдіру бойынша жұмыстар әрдайым жүргізілсін
6. Жұмыс барысында туындаған барлық мәселелер уақытылы шешілсін

Отырыс төрағасы:



Бисенова А.К

Хатшы:

Handwritten signature

Бектұрсынова Н.А

**ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасы
2025-2026 оқу жылының X -әдістемелік отырысы
Хаттама №10**

Өткізілген күні: 05.05.2026 ж.

Қатысты: 8

Қатыспағаны: жок

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы
2. «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларға экологиялық тәрбие беру» әдістемелік ұсынымдар
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» әдістемелік нұсқаулық
4. «Жасыл балабақша» экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру жобасы
5. «Табиғатты аялайық» бағдарламасы
6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі экологиялық мәдениетті қалыптастыру» (кеңес)
7. Әртүрлі мәселелер

ЖШС «Кенесары 07» «Балбөбек» жеке балабақшасының меңгерушісі Бисенова А.К алдыңғы өткізілген әдістемелік отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтып, қорытындылады.

Әдіскер «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларға экологиялық тәрбие беру» әдістемелік ұсынымдармен педагогтерді таныстырды, педагогтермен бірге талқылап, қажетті мағлұматтар берді.

«Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» әдістемелік нұсқаулығын талдай отырып, мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістерін қарастырды, экологиялық бағыттағы іс-әрекет түрлерін талқылады.

Әдіскер 2025-2026 оқу жылында қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатта мектепке дейінгі ұйымдарда «Жасыл балабақша» жобасын іске асыру ұсынылатынын айтты: (... оның ішінде: салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтануға тәрбиелеу; жарық пен су көздерін үнемдеу; табиғаттың ластануын болдырмау; балабақша бөлмелеріне, жылыжайларға гүлдер, көкөністер мен жемістер отырғызу; өсімдіктерге күтім жасау; балалардың жасаған жұмыстарын жарнамалау ұсынылады. Мектепке дейінгі ұйымның ауласына бақша өнімдерін егу, оларға күтім жасау, қарапайым бақылау жүргізу, жылыжай жұмысын

